

Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру, оның жұмыс істеуі және оны дамыту туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 163-V ҚРЗ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұл келісім Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енген күнінен бастап қолданылуын тоқтатады - ҚР 14.10.2014 N 240-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 113-баптан қараңыз).

2010 жылғы 21 қыркүйекте Мәскеуде жасалған Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру, оның жұмыс істеуі және оны дамыту туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н.Назарбаев

**Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру, оның жұмыс істеуі және оны дамыту туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберіндегі Кеден одағына мүше мемлекеттердің үкіметтері

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартты, 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының комиссиясы туралы шартты және 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Кеден одағы комиссиясының Хатшылығы туралы келісімді негізге ала отырып,

2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы шартты негізге ала отырып,

Тараптар мемлекеттерінің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне қолайлы жағдайлар жасау, Кеден одағының бірыңғай кеден аумағындағы сыртқы және өзара сауданы тиімді реттеуді қамтамасыз ету, ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, кедендік, салықтық, көліктік бақылауды және мемлекеттік бақылаудың басқа да түрлерін жүзеге асыру, экономикалық интеграция процестерін қамтамасыз ету, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының жоғарғы органының) және Кеден одағы комиссиясының тиімді жұмысын ұйымдастыру мақсатында, осы мақсаттарға қол жеткізу үшін Кеден одағын қалыптастыру және оның жұмыс

істеуі кезінде ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану айқындаушы болып
табылатынын ұғына отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – Жүйе) құрады және оның жұмыс істеуін, сондай-ақ оны дамытуды қамтамасыз етеді.

2-бап

Осы Келісім Жүйені құрудың, оның жұмыс істеуі мен оны дамытудың негіздерін, Кеден одағы комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия), Комиссия Хатшылығының (бұдан әрі – Хатшылық) және Тараптардың Жүйені құру жөніндегі өкілеттіктерін, қаржыландыру көздері мен тәртібін, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) орындаушыларды (өнім берушілерді) таңдау тәртібін айқындайды.

3-бап

Осы Келісімде мынадай терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

«сыртқы және өзара сауда туралы дерекқор» – белгілі бір қағидалар бойынша ұйымдастырылған және осы ақпаратты электрондық есептеу машинасының көмегімен табуға және өңдеуге болатындай түрде жүйелендірілген, құрылымдалған және өзара байланысты ақпарат жиынтығы (дерекқор);

«ақпаратты қорғау» – ақпараттың тұтастығын (өзгертілмеуін), құпиялылығын, қолжетімділігі мен сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені;

«ақпарат» – ұсынылу нысанына қарамастан, мәліметтер (хабарламалар, деректер);

«ақпараттық жүйе» – дерекқорда қамтылған ақпараттың және оны өңдеуді қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялар мен техникалық құралдардың жиынтығы;

«ақпараттық технологиялар» – ақпаратты іздеу, жинау, сақтау, өңдеу, ұсыну және тарату процестері, әдістері, сондай-ақ осындай процестер мен әдістерді жүзеге асыру тәсілдері;

«ақпараттық ресурс» – ақпараттық жүйелерде қамтылған құжатталған ақпараттың ұйымдастырылған жиынтығы;

«интеграциялық сегмент» – Тараптар мемлекеттерінің сыртқы және өзара сауданы реттейтін мемлекеттік органдарының ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің, Комиссияның ақпараттық жүйелері мен ақпараттық ресурстарының ақпараттық өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе.

4-бап

Жүйе Тараптар мемлекеттерінің сыртқы және өзара сауданы реттейтін мемлекеттік органдарының аумақтық жағынан бөлінген мемлекеттік ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің, Комиссияның ақпараттық жүйелері мен ақпараттық ресурстарының Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік интеграциялық сегменттерімен және Комиссияның интеграциялық сегментімен біріктірілетін ұйымдастырылған жиынтығы болып табылады.

5-бап

Комиссияның интеграциялық сегменті, Комиссияның ақпараттық жүйелері мен ақпараттық ресурстары сияқты Жүйе құрамдастарына қатысты Комиссия меншік иесінің құқықтарын жүзеге асырады және міндеттерін мойнына алады.

6-бап

Хатшылық Комиссия бекітетін құжаттарға сәйкес Жүйені құруды, оның жұмыс істеуі мен оны дамытуды қамтамасыз етуді үйлестіреді.

Хатшылықтың болу мемлекеттінің мемлекеттік мұқтаждар үшін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге) тапсырыстарды (оларды сатып алуды) жүзеге асыру мәселелерін реттейтін заңнамасына сәйкес Хатшылық осы Келісімнің 5-бабында көрсетілген Жүйе құрамдастарын құру кезінде тауарларға (жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге) тапсырыс берушінің құқықтарын жүзеге асырады және міндеттерін мойнына алады.

7-бап

Жүйенің интеграциялық сегменттерін құру, дамыту және олардың жұмыс істеуі кезінде қолданылатын ұйымдастырушылық және техникалық шешімдерді біріздендіруді қамтамасыз ету, ақпараттың қорғалуын тиісті деңгейде ұстап тұру үшін Хатшылық Комиссия бекітетін техникалық және ұйымдастырушылық құжаттардың жобаларын әзірлеуді үйлестіреді.

8-бап

Тараптардың әрқайсысы өзінің мемлекеттік интеграциялық сегментін құру, жұмыс істеуі мен оны дамытуды қамтамасыз ету бойынша құқықтарды жүзеге асыратын және міндеттерді мойнына алатын операторын белгілейді.

9-бап

Хатшылық осы Келісімнің 5-бабында көрсетілген Жүйе құрамдастарын жобалауды, әзірлеуді, енгізуді, олардың жұмыс нәтижелерін қабылдауды және одан әрі сүйемелдеуді осы Келісімнің 7-бабында көрсетілген құжаттарға сәйкес, ал көрсетілген құжаттарда реттелмеген мәселелер бойынша - Хатшылықтың болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес ұйымдастырады.

Жүйені әзірлеуге арналған техникалық тапсырма Тараптармен келісіледі.

10-бап

Осы Келісімнің 5-бабында көрсетілген Жүйе құрамдастарына қатысты тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) тапсырыстарды (оларды сатып алуды) жүзеге асыру және мүліктік құқықтарға ие болу кезінде берілген конкурстық ұсыныстарды бағалауды, сондай-ақ осы құрамдастарды жобалау және әзірлеу жөніндегі жұмыстардың нәтижелерін қабылдауды жұмыс органдары жүзеге асырады, олардың құрамы Хатшылықтың ұсынысы бойынша Комиссияның шешімімен бекітіледі.

11-бап

Жүйені құру және дамыту жөніндегі жұмыстар Хатшылық әзірлейтін және Комиссияның шешімімен бекітілетін жыл сайынғы жоспарлар негізінде жүзеге асырылады.

12-бап

Осы Келісімнің 5-бабында көрсетілген Жүйе құрамдастарын құру, дамыту және олардың жұмыс істеуі жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру Жүйені құруға, дамытуға және оның жұмыс істеуіне арналған шығыстардың Комиссия бекіткен сметасына сәйкес Комиссияның шығыстар сметасында көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Тараптардың келісуі бойынша осы жұмыстардың бір бөлігін қаржыландыру Тараптар мемлекеттері бюджеттерінің қаражаты есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

Тараптар мемлекеттерінің сыртқы және өзара саудасын реттейтін мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік интеграциялық сегменттерін құру, дамыту және олардың жұмыс істеуі жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру Тараптардың мемлекеттері бюджеттерінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13-бап

Тараптарда осы Келісімнің 5-бабында көрсетілген Жүйе құрамдастарына тең пайдалану құқықтары болады.

14-бап

Тараптардың уағдаластығы бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

15-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар, бірінші кезекте, консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

Егер дау тараптарының бірі даудың екінші тарапына консультациялар мен келіссөздер жүргізу туралы ресми жазбаша өтініш жіберген күнінен бастап 6 ай ішінде дау тараптары дауды олар арқылы реттемесе, онда дау тараптарының арасында оны шешу тәсіліне қатысты өзге уағдаластық болмаған кезде, даудың кез келген тарабы бұл дауды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарау үшін бере алады.

Комиссия дау Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарау үшін берілгенге дейін Тараптарға дауды реттеуде жәрдем көрсетеді.

16-бап

Осы Келісім ратификациялануға жатады және қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады.

Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап күшіне енеді.

2010 жылғы «21» қыркүйекте Мәскеу қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін жіберетін Комиссияда сақталады.

Беларусь

Қазақстан

Ресей

Республикасының

Республикасының

Федерациясының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Осы хатпен, Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру, оның жұмыс істеуі және оны дамыту туралы келісімнің толық және сәйкестендірілген көшірмесі болып табылатын осы мәтінді 2010 жылдың 21 қыркүйегінде Мәскеу қаласында қол қойылған тұлғалармен растаймын:

Беларусь Республикасы үшін - Премьер-Министрінің орынбасары - А.В.Кобяков,

Қазақстан Республикасы үшін - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары - *Ө.Е.Шөкеев*,
Ресей Федерациясы Үкіметі үшін - Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының
Бірінші орынбасары - *И.И.Шувалов*.

Түпнұсқа данасы кеден одағының Комиссиясында сақталуда.

*Кеден одағы Комиссиясы хатшылығының
Құқықтық департамент директоры Н.Б.Слюсарь*

Осымен 2010 жылдың 21 қыркүйегінде Мәскеу қаласында қол қойылған Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының және интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру, оның жұмыс істеуі және оны дамыту туралы келісімнің аудармасы орыс тіліндегі мәтінге сәйкес келетінін куәландырамын.

*Мемлекеттік тілді дамыту
басқармасының басшысы С. Досаров*

2010 жылғы 21 қыркүйекте Мәскеу қаласында қол қойылған Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының интеграциялық ақпараттық жүйесінің құрылуы, жұмыс істеуі және дамуы туралы келісімнің куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

*Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық құқық департаментінің
Басқарма бастығы Б. Пискорский*